

Алушылардың жеке алынған санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 229/31 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3784 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 20 мамырдағы № 314/42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 20.05.2019 № 314/42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алушылардың жеке алынған санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмектің келесі мөлшерлері белгіленсін, атап айтқанда:

9-мамыр - Жеңіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) қатысуышылары мен мүгедектеріне 150000 (жұз елу мың) теңге (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде, сонымен қатар 5000 (бес мың) теңге сомаға азық-түлік жиынтығы;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысуышыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік

шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 10 АЕК мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 10 АЕК мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы (бұдан әрі – КСРО) Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге) 10 АЕК мөлшерінде;

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСРО аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге 10 АЕК мөлшерінде;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСРО қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан

немесе майданда болуына байланысты, немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге 10 АЕК мөлшерінде;

Ауғанстанда әскери міндеттің өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 10 АЕК мөлшерінде;

ЧАЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына 10 АЕК мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасына 10 АЕК мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметтің өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасына; қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне), қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (куқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне); Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1988 - 1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөрген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне орай: зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтарға (тұлғаларға), атап айтқанда:

мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде есепте тұрған адамдарға 1,2 АЕК мөлшерінде;

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын адамдарға 1,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

80 жасқа толған және одан асқан адамдарға 2,9 АЕК мөлшерінде;

казанның 2 жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай

:

мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде есепте тұрған ең төмен мөлшерде жәрдемақы алатын мүгедектер;

18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға 2,3 АЕК мөлшерінде;

1, 2-топтағы мүгедектерге 2,3 АЕК мөлшерінде;

кәмелетке толмаған балалары бар 3-топтағы мүгедек әйелдерге 2,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мереке күндерге орай:

8-наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар алушылардың санынан көп балалы аналарға 2,4 АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 29.10.2014 № 281/39 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2015 № 309/43 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.09.2016 № 55/7 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысы

әкімінің міндетін атқарушы

"18" сәуір 2014 жыл

P. Иманғалиева

M. Омарғалиев

D. Тұрганов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК